



ЭКОНОМИКС

Монетарлық жүйе және ақша-несие саясаты





Дәрістің жоспары:

1. Орталық банктің рөлі.
2. Орталық банктің монетарлық бақылау құралдары.

Орталық банктің рөлі

Дәрісіміздің бірінші сұрағында банктер туралы сөз қозғаймыз, әсіресе, Орталық банктің рөлі мен оның жүргізетін ақша-несие саясатының ерекшеліктері туралы талдайтын боламыз.

Көптеген экономистер қандай да бір елдің экономикасында ақша массасын және ақша құралдары жүйесін реттеп отыратын белгілі бір мекеме болуы тиіс деп санайды. Бұл мекеменің рөлін біз Орталық банк деп түсінеміз.

Сонымен, Орталық банк дегеніміз не?

Орталық банк – бұл үкіметтің қарыздық және несиелік операцияларын ұйымдастырудың делдалы, ақша нарығының тепе-теңдігін қамтамасыз ететін банк жүйесінің басты буыны. Мәселен, Орталық банк рөлін Еуропада екі ірі банк – Еуропалық Орталық Банк пен Англия Банкі, АҚШ-та Федералды Резервтік жүйе атқарады, сонымен қатар, Жапония банкі мен Қытай банкі де атап өтуге болады.

«Экономикс» оқулығының осы сұрақ бойынша келтірілген мысалдары арқылы Еуропалық Орталық Банк, Еуро-жүйе, Англия банкі туралы мәліметтерді оқуға болады.

Енді Орталық банктің атқаратын қызметтеріне тоқталайық.

Орталық банктің екі маңызды қызметі бар:

1. Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, соның ішінде тұрақты экономикалық өсу мен бағаның тұрақтылығын ұстап тұру.

Орталық банк бұл қызметін атқарғанда экономикадағы ақша көлемін реттейді, оны жоғарылатады және төмендетеді.

2. Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Осылайша, Орталық банк ақша массасына әсер етіп, реттеу үшін ақша-несие саясатын жүргізеді. Ақша-несие саясаты дегеніміз не?

Ақша-несие саясаты – ақша массасының көлемін реттеу бойынша мемлекеттік іс-шараларды жүзеге асырумен байланысты бірқатар жалпы экономикалық міндеттерді орындауға бағытталған макроэкономикалық саясаттың аса маңызды құрамдас бөлігі.

Дамыған елдердің экономикалық тәжірибесінде Орталық банктің ақша-несие саясатын жүргізуінің аса маңызды құралы – ашық нарықтағы операциялар. Оны қалай түсінеміз?

Ашық нарықтағы операциялар – бұл Орталық банктің мемлекеттік бағалы қағаздарды (облигацияларды, қазынашылық билеттерді және вексельдерді) сатып алуы-сатуы. Орталық банк ашық нарықтағы операциялар арқылы экономикадағы ақша массасының шамасын реттеп отырады. Бағалы қағаздарды сатып ала отырып, коммерциялық банктердің резервтерін арттырады, олардың несиелік мүмкіндіктерін ұлғайтады, ақша ұсынысын кеңейтеді. Және керісінше, бағалы қағаздарды сата отырып, Орталық банк коммерциялық банктердің резервтері мен несиелік мүмкіндіктерін қысқартады, ақша ұсынысын төмендетеді. Ашық нарықтағы операциялар көп жағдайларда, қайта сатып алу келісімі нысанында жүргізіледі. Оның жүргізілуінің мәні, яғни Орталық банк бағалы қағаздарды белгіленген уақыты біткеннен кейін аса жоғары бағамен міндетті түрде қайтара сатып алу жағдайында сатады. Бұл туралы біз төменде толығырақ тоқталатын боламыз.

Орталық банк экономиканың қаржы жүйесінің басты буыны ретінде ақша массасының көлеміне айтарлықтай әсер ете алады және сол арқылы елдегі инфляция деңгейі мен жұмыс-бастылықты реттеп отырады. Баға тұрақтылығын қамтамасыз етуде инфляция деңгейін бірқалыпты ұстап тұруға бар күшін салады. Себебі инфляция төмендегенде бағаның тұрақтылығы сақталады. Ол үшін Орталық банк қолма-қол ақшалар бойынша қаржы жүйесінде жасалған барлық транзакциялық келісімдерді және ақшаның өтімділігін бақылап отырады.



Сонымен, Орталық банк ақша-несие саясатын жүргізу арқылы экономиканың күрделі мәселелерін шешуге жауапты банк жүйесінің бірінші деңгейлі буыны. Банк жүйесінің екінші деңгейлі буынына коммерциялық банктерді жатқызамыз.

Банктердің негізі қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтер мен депозиттерден құралады. Алайда экономиканың даму жағдайына байланысты өтімділіктің жетіспеушілігін бастан кешіруі мүмкін. Мұндай жағдайда Орталық банк қарапайым банктердің өз міндеттемелерін орындай алуы үшін оларға қаражат ұсынады, әріқарай банктердің қызметтерін реттейді және өтімділікті ұлғайту үшін соңғы инстанция ретінде кредиттерді береді. Орталық банк осы қызметін орындауы арқылы банктердің банкі деген атауға ие болады. Дегенмен көптеген коммерциялық банктер төлем қабілетсіз болып табылмайды, тек белгілі бір уақытта ғана қаржы тапшылығына душар болуы мүмкін.

Жеке банк секторы жүйесіндегі коммерциялық фирмалардың көпшілігі пайда табу мақсатында жұмыс істейді. Коммерциялық банктердің екі негізгі қызметі немесе операциясы болады. Бірінші қызметі депозиттерді қабылдаумен және екінші қызметін несиелер берумен байланысты болады. Осы екі қызметін атқару арқылы олар өздерінің қаржылық активтер балансын қадағалап отырады. Мәселен, депозиттерді қабылдау арқылы қаржылық міндеттемелері бойынша халыққа пайыздарын төлейді және депозиттер арқылы қалыптасқан активтері бойынша халыққа несиелер бергені үшін пайыздар алады. Олай болса, коммерциялық банктердің пайдасын табу үшін біз несиелер бойынша пайыздар (табыс) мен депозиттер бойынша пайыздарды (шығын) салыстырамыз. Бұл айырмашылықты спред немесе кейбір әдебиет көздерінде маржа деп атайды. Спред дегеніміз не?

Спред – активтер негізінде түскен банктің орташа пайыздары мен пассивтер негізіндегі міндеттемелері бойынша төленетін орташа пайыздары арасындағы айырма.

Олай болса, банктердің несиелер беру қызметі активті операциялар және депозиттерді қабылдау қызметі пассивті операциялар (қаржылық міндеттемелер) болады. Бірақ, кейбір банктер пайда табу мақсатын көздемейді. Мысалы, ислам шариғатының қағидаларына сәйкес жұмыс істейтін банктер пайыздық операцияларды жүргізбейді, оның орнына олар қарыз беруші мен қарыз алушы арасындағы тәуекел мен сыйақыны өзара бөлісу жүйесіне қатысады.

Банк активтері қолма-қол ақшалар қорынан, бағалы қағаздардан және қарыздардан тұрады. Ал банк пассивтері мерзімсіз салым, жинақ салымдар, қаржы нарығында басқа банктерден қарыз алу және меншікті капиталды қамтиды.

Банктің меншікті капиталын қоса есептегенде оның активтері әрқашанда пассивтеріне тең болуы тиіс. Банктер өздерінің ықтимал қарыздарын жабуы үшін қаражатты сақтауға міндетті. Ол қаражатты сақтау жері немесе орны кейбір жағдайларда Орталық банкке орналастырылады. Алайда, банктердің қарамағындағы ақша-қаражаттарының ауқымды көлемін банктік салымдар мен валюталар құрайды. Мәселен, кейбір деректерге сүйенетін болсақ, әртүрлі банктік салымдар жалпы ақша көлемінің шамамен 97%-н құрайды және 3%-ы валютаны құрайды. Әдетте, банктер қарапайым адамдардың өз бетінше келіп ақшалай салым жасағандарын күтіп отырмайды және соңында басқа адамдарға және фирмаларға қарыз беруі үшін басқа да ақша қорларын пайдалануы мүмкін. Банктердің адамдар мен фирмаларды несиелендіру үшін алуан түрлі жаңа жолдарды іздестіріп отырады. Олар кәсіпкерлік қызметті кеңейтуге, құрал-жабдықтарды сатып алуға, автокөлік алуға, тұтынушылық сұраныстарды қанағаттандыруға қарыздар беруді, үй сатып алғысы келетін жұптарға ипотекалық қамтамасыз ету түрінде несиелер беруді ұйымдастыруы мүмкін.

Осылайша, банктер кредит алып, қайтарып жатқан қарапайым адамдар мен фирмалар арқылы жаңа активтік операциялар жасайды және өздерінің баланстарын кеңейтеді. Алайда, банктердің несиелер беру кезіндегі шектеулері болады. Олар несиелер беру арқылы пайда тапқанымен, өз қалаулары бойынша несиелер беру мүмкіндіктері Орталық банктің жүргізіп отырған ақша-несиелер саясатының құралдары, әсіресе пайыз мөлшерлемесі арқылы шектеліп отырады. Бұл пайыз мөлшерлемесі тұтас экономика үшін банк жүйесін несиелетін негізгі мөлшерлеме болып табылады. Банктер өз пайдасын тұрақты ұстауы үшін Орталық банктің банк жүйесіне кредиттеу үшін тағайындайтын пайызының үстіне пайыз қосып несиелендіруді жүзеге асырады. Егер Орталық банк пайыз мөлшерлемесінің лимитін көбейтсе, онда банктер де несиелендіру үшін пайыз мөлшерлемесін арттырады, сөйтіп артынша кредиттерге деген



сұраныс төмендейді, яғни адамдар тұтынушылық сұранысты қанағаттандыру үшін қымбат несие алғысы келмейді және фирмалар өндіріске инвестициялар тартпайды. Сол сияқты, Орталық банктің пайыз мөлшерлемесін төмендетуі кредитке деген сұранысты арттырады, яғни адамдардың тұтынушылық сұраныстары қанағаттандырыла бастайды және фирмалардың инвестициялық белсенділігі артады.

Сонымен, бұл сұрақта банктер туралы жалпы түсінік бергеннен кейін, келесі сұрақта Орталық банктің монетарлық бақылау құралдары туралы айтатын боламыз.

Орталық банктің монетарлық бақылау құралдары

Бұл сұрақта сіздер Орталық банктің монетарлық бақылау құралдарымен таныс боласыздар. Жоғарыда атап өткеніміздей, Орталық банк экономикалық және қаржылық тұрақтылық мақсатын көздей отырып, ақша массасына және пайыз мөлшерлемесіне ықпал етеді. Осыған байланысты, Орталық банктің негізгі үш құралы қалыптасады:

Бірінші құралының ерекшелігі неде?

1. Ашық нарықтағы операциялар – орталық банктің ақшалай емес активтерді банк секторына ткіелей сатуы немесе банк секторынан сатып алуы сияқты қызметті атқаруы арқылы экономикадағы ақша көлеміне және пайыз мөлшерлемесіне әсер ету шарасы. Егер Орталық банк экономикалық белсенділікті көтеру мақсатында ақша массасын ұлғайтқысы келсе, онда ол облигациялар нарығында облигация сатып алады, сатып алғаны үшін айналымға жіберілген қосымша валюта банктердің есеп-шоттарына келіп түседі және ақша қалдықтарының көбеюі түрінде қоғамның қолында кетеді. Осылайша, Орталық банк ашық нарықта облигация сатып алуы арқылы ақша массасын нақты ұлғайтады. Енді керісінше, егер орталық банк ақша массасын азайтқысы келсе, онда ол өзінің қарамағындағы облигацияларды сата бастайды және оларды сатқаны үшін алатын валюта банктердің есеп-шоттарындағы ақша қалдықтарын қысқартады. Орталық банктің ашық нарықтағы операциялар құралы қайта сатып алу келісімі арқылы жүргізіледі. Мысалы, Орталық банк активтерді сатып алғандықтан, бірақ сатушы оларды кейінірек келісілген бағамен қайта сатып алуға келісті делік, мұндай операцияларды ашық нарықта қайта сатып алу келісім немесе «репо» келісімі деп атайды. Repo келісімі – болашақта бекітілген күні белгіленген баға бойынша ақшалай емес активтерді қайта сатып алу келісімімен сату.

Екінші құралына тоқталайық.

2. Қайта қаржыландыру мөлшерлемесі – Орталық банктің коммерциялық банктерге қарызға беретін өз резервтеріне тағайындайтын пайыз мөлшерлемесін өзгертуі. Орталық банк осы құралды пайдалану арқылы дисконттық саясатты іске асырады. Қайта қаржыландыру мөлшерлемесін жоғарылату нәтижесінде пайыз мөлшерлемесі өседі, орталық банктен қарыз алу шектеледі, соның салдарынан коммерциялық банктердің несиелерді ұсыну бойынша белсенді операциялары қысқарады. Коммерциялық банктер қымбат несиені ала отырып, несие бойынша өздерінің пайыздық мөлшерлемелерін көтереді, соңында жалпы несие қымбаттайды. Керісінше, қайта қаржыландыру мөлшерлемесін төмендету банктік несиелерді алуды жеңілдетеді, пайыздық қойылым төмендейді, несиелік операциялар кеңейеді, ақша массасы артады. Қайта қаржыландыру мөлшерлемесі, ереже бойынша, банкаралық нарықтың тағайындайтын пайыздық мөлшерлемелерінен төмен болып келеді. «Экономикс» оқулығының осы тақырыпқа қатысты тарауында Орталық банктің қайта қаржыландыру мөлшерлемесін жүргізудің құралы Еуропалық Орталық Банктің тәжірибесіне негізделіп, мысалға алынады.

Енді үшінші құралына сипаттама берейік.

3. Резервтік талаптар – ақша-несие жүйесін реттеуде қолданылатын қатаң құрал ретінде саналатын банктік резервтердің шамасына әсер ету әдісі. Резервтік талаптарды Орталық банк депозиттердің шамасына қарай пайыздық түрде бекітеді. Оның шамасы біріншіден, салымдардың түрлеріне және екіншіден, банктердің көлеміне (шағын банктерге қарағанда ірі банктер үшін оның шамасы жоғары) байланысты болады. Резервтік талаптар нормасын өзгерту екі негізгі нысанда жүргізіледі: жоғарылату формасында және төмендету формасында. Резервтік талаптар нормасын жоғарылатудың нәтижесінде міндетті резервтердің шамасы



артады, коммерциялық банктердің несиелік белсенділігі қысқарады және соңында ақша ұсынысы төмендейді. Резервтік талаптар нормасын төмендетудің нәтижесінде керісінше, несие беру құралдары кеңейеді, коммерциялық банктердің несиелік белсенділігі артады және соңында ақша ұсынысы ұлғаяды.

Сонымен, Орталық банктің монетарлық реттеу құралдары жоғарыда аталған екі қызметін орындаудан туындайды. Алайда монетарлық реттеу құралдары арқылы экономикалық және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, әсіресе, баға тұрақтылығын сақтап тұру сияқты күрделі мәселелерді шешуде фискалдық саясаттың да құралдарымен бірігіп, сол мақсаттарға бірге қол жеткізілуі қажет.

Түйін

1. Нарықтық экономикасы дамыған елдердің қазіргі банк жүйесі Орталық банк және коммерциялық банк сияқты негізгі екі буыннан тұрады. Орталық банк – экономикадағы ақша массасын реттеумен айналысатын мекеме. Оның қызметі негізінен баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталады.

2. Қазіргі уақытта банк жүйесі экономикада уақытша бос ақша қаражаттарын шоғырландыру; бос ақша қаражаттарын уақытша пайдалану үшін ұсыну; несиелік ақшаларды жасау; несиелік реттеу; ақша эмиссиялау; бағалы қағаздарды шығару сияқты қызметтерді атқарады.

3. Ақша-несие саясаты ақша айналымы мен несие жүйесі саласындағы мемлекеттік іс-шараларды жүзеге асырумен байланысты бірқатар жалпы экономикалық міндеттерді орындауға бағытталған макроэкономикалық саясатты білдіреді.

4. Орталық банктің монетарлық реттеу құралдары ашық нарықтағы операциялар, қайта қаржыландыру мөлшерлемесі және резервтік талаптар болып бөлінеді. Осы құралдарын қолдану арқылы экономикадағы ақша көлеміне әсер етіп, экономикалық белсенділіктің өзгеріп отыруына жауап береді.

Шолу сұрақтары:

1. Банк жүйесінің құралымы қандай?
2. Орталық банк қандай мақсаттарды көздейді және қандай мәселелерді реттейді?
3. Коммерциялық банктердің атқаратын негізгі қызметтері қандай?
4. Орталық монетарлық реттеу құралдары қандай?
5. Ашық нарықтағы операциялар қалай жүргізіледі?
6. Қайта қаржыландыру мөлшерлемесі дегеніміз не?
7. Резервтік талаптар қалай орындалады?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Алматы, Print-S, 2012. – 460 б. 7-тақырып.

2. Мамыров Н.Қ., Тілеужанова М.Ә. Макроэкономика: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2003. 8-тарау.

3. Макроэкономика: Учебник / Под общ. ред. А.А. Абишева, К.А. Хубиева. – Алматы: «Экономика», 2009. Раздел 2, глава 5.

4. Вечканов Г.С., Вечканова Г.Р. Макроэкономика. 4-е изд. – Спб.: Питер, 2011. Глава 11.

5. Агапова Т.А., Серегина С.Ф. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. А.Ф. Сидоровича; МГУ им. М.В. Ломоносова. – 10-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2013. Глава 8.



6. Курс экономической теории: учебник – 7-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М.Н. и Киселевой Е.А. – Киров: «АСА», 2017. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 20.

7. Ивашковский С.Н. Макроэкономика: Учебник. 2-изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 7.

8. Н. Грегори Мэнкью. Принципы макроэкономики. 4-е изд./Пер. с англ. – СПб.: Питер, 2012.–544 с.